

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:

Академиялық даму бөлімінің
басшысы



Г. Сыздыкова
«26» 02 2024 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер
жөніндегі вице-ректор




К. Адилова
«26» 02 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету
бөлімінің басшысы



А. Ермухамедова
«26» 02 2024 ж.

Құзыреттілік, мансап және
жұмысқа орналастыру бөлімінің
басшысы



Г. Жумжаева
«26» 02 2024 ж.

Тіркеу кеңсесінің басшысы



М. Тұрғанбек
«26» 02 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



Қ. Тубеков
«26» 02 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Атаулар, анықтамалар	4
4	Жалпы ережелер	4
5	Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі	5
6	Жаппай ашық онлайн курстарды оқу процесіне интеграциялау және оқыту нәтижелерін тану тәртібі	7
7	Өзгерістерді енгізу тәртібі	10
8	Келісу, сақтау және тарату	10
9	Өзгерістерді тіркеу парағы	11
10	Танысу парағы	12
11	Қосымшалар	13

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) барлық формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тануға қойылатын талаптарды айқындайды және университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне қолданылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы), Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы бұйрығы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 бірлескен бұйрығы) және Университет Жарғысына сәйкес әзірленді.

3. АНЫҚТАМАЛАР, ҚЫСҚАРТУЛАР

Формальды білім беру – техникалық, кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметіне лицензиясы бар ұйымдармен оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

Формальды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып, жүргізілетін білім беру түрі.

Оқыту нәтижелерін тану – білім беру тәжірибесінің, құзыреттілік пен білім алу процесінің нәтижелерін формалдау.

Оқыту нәтижелері - білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар.

ЖАОК - жаппай ашық онлайн курстар.

БАӨЖ - білім алушының өзіндік жұмысы.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған барлық оқыту нәтижелері академиялық кредиттер түрінде өмір бойы жинақталады.

4.2 Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тануды жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары дербес жүзеге асырады.

4.3 Бағдарламалардың көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін университетте – 30 академиялық

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 5-сі

сағат қабылданады.

4.4 Формальды емес оқыту адам өмірінің нақты жағдайларына және оның тәжірибесіне тікелей байланысты, формальды білім беру жүйесінің шеңберінен тыс өтетін дербес оқытудың барлық процестерін білдіреді.

4.5 Формальды емес білім беру бағдарламасын білім алушы формальды емес (қосымша) білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдарда немесе формальды білім беру ұйымдарында (оқу орны бойынша не өзге де білім беру ұйымдарында) игереді.

4.6 Білімді бағалау жүйесі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделеді.

5. ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТӘРТІБІ

5.1 Формальды және формальды емес білім беру бағдарламасын білім алушы (тындаушы) формальды емес (қосымша) білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдарда және (немесе) формальды білім беру ұйымдарында (оқу орны бойынша не өзге де білім беру ұйымдарында) игереді.

5.2 Университетте формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану формальды және формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің білім беру бағдарламасының білім алушысы меңгеретін оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

5.3 Формальды және формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау оқытудың тұжырымдалған нәтижелерін және салыстырылатын бағдарламалардың құзыреттерін, олардың көлемін (академиялық сағаттарда және (немесе) академиялық кредиттерде), оқыту мақсаттарын, оқу жетістіктерін (білімдерін) бағалауды салыстыру жолымен жүргізіледі.

5.4 Формальды және формальды емес білім беру оқыту нәтижелерін тану кезінде салыстырымдылықты қамтамасыз ету үшін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделген формальды және формальды емес (қосымша) білім берудегі білімді, дағдылар мен құзыреттерді бағалау жүйесі қолданылады.

5.5 Формальды және формальды емес білім берудің оқу нәтижелері мен құзыреттерін салыстыру бағдарламалардың мазмұнын, олардың мақсаттары мен толықтығын зерделеу арқылы оқу пәнінің силлабусын немесе білім беру бағдарламасының модулін қамтуды жүзеге асырады.

5.6 Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану үшін университеттің Басқарма-төрағасы – Ректор бұйрығымен Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі Комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) құрамы бекітіледі.

5.7 Комиссия құрамы университеттің академиялық, басқару персоналының өкілдерінен, профессор-оқытушы құрамынан тұратын 7 (жеті) адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

5.8 Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссияның бірінші мәжілісінде оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

5.9 Комиссия төрағасы Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Комиссия мәжілісін өткізеді. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 IUTh INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 6-сі

5.10 Комиссия хатшысының функцияларын Комиссия мүшесі болып табылмайтын маман орындайды.

5.11 Білім алушы формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін 10 (он) жұмыс күн ішінде Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Комиссия төрағасының атына формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш (1-қосымша);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін растайтын құжат (куәлік, сертификат).

5.12 Комиссия алынған құжаттарды сараптама жүргізу үшін 3 (үш) жұмыс күн ішінде сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы).

5.13 Сараптама тобының құрамы Басқарма төрағасы – Ректор бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі профессор-оқытушылар мен практикалық қызметкерлер кіреді.

5.14 Сараптама тобы құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің университеттегі бейініне сәйкес білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

5.15 Қарау нәтижелері бойынша формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім алушы меңгеретін білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлеміне және бағалауға сәйкестігін міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады. Осы сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі.

5.16 Комиссияның шешімі мәжіліске қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

5.17 Комиссия қажет болған жағдайда білім алушыдан оқу бағдарламасы туралы толық ақпаратты сұратуға құқылы.

5.18 Академиялық кредиттерді қайта есептеу оқу ақысын төмендетуге әкелмейді.

5.19 Комиссия мәжілісінің хаттамасынан үзіндіні Комиссия хатшысы меңгерілген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары туралы мәліметтерді олардың атауын, академиялық кредиттердегі көлемін және (немесе) сағатын, бағалауын және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін білім алушының транскриптіне қайта есептеу туралы көрсете отырып енгізу үшін Тіркеу кеңсесіне береді.

5.20 Білім алушы келесі академиялық кезеңдерде қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.

5.21 Жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының бейіні алдыңғы білім беру бағдарламасымен сәйкес келсе, формальды білім берудің алдыңғы деңгейінің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады.

5.22 Білім алушылардың академиялық ұтқырлық шеңберінде толық меңгерген және транскрипспен расталған оқыту нәтижелерін Университет міндетті түрде мойындайды.

5.23 Формальды білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін растайтын құжаттар алдыңғы білімін растайтын диплом және дипломға қосымша, транскрипт, сондай-ақ НЗМ, БИЛ, РФММ түлектері үшін аттестат және оның қосымшасы болып табылады.

5.24 Формальды емес білім берудің оқыту нәтижесі келесі ұйымдардан алынған білім, дағды және құзыреттер болып есептеледі:

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 7-сі

1. оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беретін ұйымдар;

2. отандық және жаһандық білім беру қауымдастығында танылған жаппай ашық онлайн курстар (әрі қарай – ЖАОК): Coursera, Udacity, EdX, FutureLearn, OpenClassrooms, EduCause, MICROBOL (микрокредиттер);

3. жаппай ашық онлайн курстар және QS World University Ranking, Times Higher Education World University Ranking, Academic Ranking of World Universities (ARWU) ағымдық рейтингтері бойынша ТОП 200-ге кіретін жоғары оқу орындарының курстары;

4. аккредиттелген ұйымдардың кәсіби курстары;

5. ағымдағы сертификаттары бар тіл курстары (емтихан тапсырылған күннен бастап 2 жыл):

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP), 560 балдан төмен емес 90 (A-); 620 балл және одан жоғары 95 (A).

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT), 79 дан кем емес 90 (A-); 96 балл және одан жоғары 95 (A).

- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT), 548 балдан төмен емес 90 (A-), 590 балл және одан жоғары 95 (A);

- International English Language Testing System (IELTS Academic), шекті балл – 6.5 нан кем емес 90 (A-); 7 және одан жоғары балл 95 (A).

5.25 Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану кезінде оқыту нәтижелері және пән сағаттарының сәйкестігі 70 пайызды құраған жағдайда пән толығымен танылады.

6. ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРДЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТӘРТІБІ

6.1. ЖАОК БББ/пән (модуль) бойынша оқу процесін оңтайландыру мақсатында, оқытуды қарқындатуды қамтамасыз ету мақсатында, БББ вариативтік бөлігін қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін БББ/пәнді (модульді) бейімдеу, оқу процесін қашықтықтан оқыту форматына ауыстыру, жетіспейтін кадр ресурсын немесе өзге де ресурстарды толықтыру мақсатында оқу процесіне енгізілуі мүмкін.

6.2 ЖАОК-ты оқу процесіне біріктіру келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз ете алады:

- пән (модуль) бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізу;

- аралық/қорытынды аттестаттауды қоса алғанда, пәнді (модульді) толық ауыстыру;

- пән (модуль) бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысы;

- пәннің (модульдің) теориялық және (немесе) практикалық бөлігін алмастыру, бөлімді, пән тақырыбын (модульді) алмастыру және т. б.;

- білім алушылардың академиялық шығындарын өтеу.

6.3 Университетте ЖАОК-ты қолданудың келесі модельдері ұсынылады:

1-модель. «ЖАОК-пен толық ауыстыру», яғни пәнді ЖАОК мазмұнына сәйкес келетін және комиссия анықтаған міндетті ЖАОК курстарымен толық ауыстыру:

- Оқу кезеңі басталғанға дейін ЖАОК-пен пәнді толық ауыстыру үшін пән оқытушылары ЖАОК-тардың мазмұнын талдайды: ЖАОК оқу нәтижелері және ауыстырылатын пән оқу нәтижелерімен академиялық кредиттер санының сәйкестігін анықтайды; ЖАОК сағат саны

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 8-сі

жеткіліксіз болған жағдайда Coursera мамандығы (яғни Coursera курстарының сериясы) тандалады; Coursera мамандығы болмаған жағдайда сағаттар санын толықтыру үшін оқу нәтижелері сәйкес келетін қосымша ЖАОК тандалады.

- ЖАОК-ты оқу процесінде білім алушының оқу жүктемесін есептеу және пәннің еңбек сыйымдылығымен арақатынасын есептеу үшін (кредиттер мен сағаттарда) пән оқытушылары онлайн калькуляторды пайдаланады;

- Оқу кезеңі басталғанға дейін білім алушылар тандалған ЖАОК-қа тіркелуі қажет. ЖАОК-пен толық ауыстыруға жататын пән оқытушысы білім алушылар үшін тәлімгер болып тағайындалады;

- ЖАОК білім алушылардың сабақ кестесіне кіріктіріледі;

- Оқу жоспарындағы барлық өзгерістер мен қайта есептелген академиялық кредиттер ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету үшін университеттің тиісті жүйелеріне («Платонус») енгізіледі;

- Оқытушы білім алушыға университеттің бағалау талаптарына сәйкес баға қояды.

2-модель. «ЖАОК-қолдау» – ЖАОК дәстүрлі оқытуда білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БАӨЖ) ретінде пайдаланылған кезде «төңкерілген сынып» технологиясын пайдалана отырып қолдау:

- ЖАОК-ты оқу процесіне БАӨЖ ретінде енгізу үшін пән оқытушысы ЖАОК оқыту нәтижелерінің БАӨЖ мазмұны мен талаптарына, жекелеген тақырыптарға немесе модульдерге (оқыту нәтижелері сәйкес болса) сәйкестігіне талдау жүргізуі, сондай-ақ оқытудың қай кезеңінде ЖАОК енгізілетінін, оған қандай тапсырмалар керек екенін анықтауы қажет;

- ЖАОК мазмұнын талдаудан басқа, ЖАОК оқу процесінде білім алушының оқу жүктемесін есептеу ұсынылады. Осы мақсатта пән оқытушысы онлайн-калькуляторды пайдаланады;

- Талдау негізінде, мазмұны мен еңбек сыйымдылығына сәйкес, пән оқытушылары ЖАОК-ты силлабусқа қосады;

- ЖАОК-ты сәтті игергені үшін сертификаттар ағымдағы аттестаттау кезінде ескеріледі. Оқытушы білім алушыға университеттің бағалау талаптарына сәйкес баға қояды.

3-модель. «+ЖАОК» аралас оқыту - аудиториялық сабақтарды (негізінен дәрістерді) ЖАОК-қа ішінара ауыстыру, сондай-ақ «төңкерілген сынып» технологиясын пайдалана отырып, ЖАОК-тың жекелеген тақырыптарын ішінара қайта есептеу:

- Аудиториялық сабақтарды (негізінен дәрістерді) ішінара ауыстырумен, сондай-ақ ЖАОК жекелеген тақырыптарын ішінара қайта есептеумен ЖАОК қолданған кезде оқытушы бекітілген курстар тізімінен онлайн курстарды пайдалана алады;

- ЖАОК-ты оқу процесіне қосу үшін мектептер ЖАОК мазмұнын және ЖАОК пен пәннің еңбек сыйымдылығының сәйкестігін онлайн калькулятордың көмегімен талдайды;

- ЖАОК-ты сәтті игергені үшін сертификаттар ағымдағы аттестаттау кезінде ескеріледі. Оқытушы білім алушыға университеттің бағалау талаптарына сәйкес баға қояды.

4-модель. «ЖАОК+» аралас оқыту: дәрістердің, практикалық және семинарлық сабақтардың бір бөлігі дәстүрлі форматта іске асырылады, ЖАОК-та оқыту нәтижелері пән

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 9-сі

бойынша ағымдағы аттестаттау және қорытынды бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін:

- Аралас оқыту кезінде Университет дәрістерді, практикалық және семинар сабақтарын ішінара сақтай отырып, ЖАОК-ты пайдалана алады, сондай-ақ ағымдағы және қорытынды аттестаттау үшін ЖАОК оқыту нәтижелерін пайдалана алады;
- ЖАОК-ты оқу процесіне қосу үшін пән оқытушысы ЖАОК мазмұнын және ЖАОК пен пәннің еңбек сыйымдылығының сәйкестігін онлайн калькулятордың көмегімен талдайды. Талдау қорытындысы бойынша пән оқытушысы силлабусқа тиісті өзгерістер енгізеді;
- ЖАОК-ты сәтті игергені үшін сертификаттар ағымдағы аттестаттау кезінде ескеріледі. Оқытушы білім алушыға университеттің бағалау талаптарына сәйкес баға қояды.

6.4 Университеттің міндетті және элективті пәндерге сәйкес келетін ЖАОК тізбесі мектеп директорларының ұсынысымен Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде академиялық кезеңі басталғанға дейін бекітіледі (2-қосымша).

6.5 Пән оқытушылары интеграция моделін таңдау үшін ЖАОК талдауын жүргізу қажет: ЖАОК оқыту нәтижелерін пән бойынша оқу нәтижелерімен байланыстыру, сондай-ақ білім алушының оқу жүктемесін анықтау қажет.

6.6 ЖАОК оқу процесінде білім алушының болжамды оқу жүктемесін есептеу кезінде ұсынылатын онлайн калькулятор (3-қосымша) пайдаланылуы мүмкін. Онлайн калькулятордың көрсеткіштері курсты оқуға қажетті сағат санына, материалдың күрделілік деңгейіне және оқу тіліне негізделген, бұл ЖАОК сыйымдылығын кредитке аудару кезінде ескеріледі.

6.7 Онлайн калькуляторды пайдаланған кезде пән оқытушылары Coursera каталогында (сілтеме <https://docs.google.com/spreadsheets/d/1Hs5IK4tAoBayRhDrqUSTK2j1ShHUIJznw/edit?usp=sharing&oid=110555595960974096293&rtpof=true&sd=true>) бар деректерді калькуляторға енгізеді, және осы мәліметтер негізінде академиялық кредиттердің санын есептейді.

6.8 ЖАОК-ты білім алушының ЖОЖ-на қосу және кейіннен пән (модуль) бойынша ЖАОК-ты игеру нәтижелерін тану үшін білім алушы пәнді (бірқатар пәндерді) ЖОЖ-ға енгізу туралы (оның ішінде элективті пәндер ретінде) және пән (модуль) бойынша аттестаттау кезінде ЖАОК-ты оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш толтырады.

6.9 «ЖАОК-пен толық ауыстыру» 1-модель бойынша пәнді оқыту нәтижелерін тану үшін білім алушылардың құжаттарын «Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі Комиссия» қарайды.

6.10 «ЖАОК-пен толық ауыстыру» 1-модель бойынша пәнді оқыту нәтижелерін тану үшін білім алушылардың ұсынылған құжаттарын талдау қорытындысы бойынша комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- ЖАОК оқу кезінде игерілген оқу нәтижелерін мойындамау;
- ЖАОК оқу кезінде игерілген оқу нәтижелерін тану және оларды тиісті білім беру компоненті бойынша қорытынды бақылаудың (емтиханның) нәтижесі ретінде санау;
- Комиссия бағалаудың қосымша түрлерін тағайындай алады: ауызша бағалау, (оны бетпест, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы, сондай-ақ сұхбат түрінде жүргізуге болады), жазбаша бағалау жеке және/немесе онлайн режимінде прокторингпен жүргізілуі мүмкін.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 10-сі

6.11 ЖАОК-ты игеріп жүрген білім алушыларға консультациялық, әдіснамалық және техникалық қолдау көрсету үшін жауапты тұлғалар тағайындалады.

6.12 Жауапты тұлға ЖАОК-ты оқу процесіне енгізу тиімділігіне мониторингті және бағалауды үнемі жүзеге асырады, білім алушылардан кері байланыс жинайды.

6.13 Оқу нәтижелерін танудың негізгі талаптары ЖАОК оқыту нәтижелерінің және академиялық сағаттар санының оқу нәтижелеріне және пәннің еңбек сыйымдылығына (сағаттар мен кредиттерде) сәйкестігі болып табылады. ЖАОК үшін жауапты тұлға және пән оқытушысы сертификатта көрсетілген сілтеме бойынша сертификатқа верификация жүргізеді және білім алушының оқу процесіне қатысу дәрежесін (content engagement) тексереді.

6.14 Курстарға қатысу коэффициенті 60% - дан асқан кезде «материалға қатысу» жеткілікті деп саналады.

6.15 Университет нақты ББ бойынша жалпы сағат көлемінің 20% аспайтын көлемде ЖАОК оқыту нәтижелерін тани алады.

7. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

7.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

8. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

8.2 Осы Ереженің жұмыс данасын сақтау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық даму бөлімінің басшысына жүктеледі.

8.3 Осы бекітілген Ереженің бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 13-сі

Қосымша 1

**«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану жөніндегі комиссия төрағасына**

_____ (БББ коды және атауы)

білім беру бағдарламасының _____ курс білім алушысы _____

_____ ТӘЖ

тел. _____

Өтініш

Формальды және (немесе) формальды емес білім беру арқылы алған оқыту нәтижелерін тануыңызды сұраймын.

- 1) _____
(пән атауы, курс атауы, кредит саны)
- 2) _____
(пән атауы, курс атауы, кредит саны)

Жеке куәліктің көшірмесі, Формальды және (немесе) формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін растайтын құжат(тар) қосымша тіркелді.

Қолы, толық аты-жөні
Күні

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 14-сі

Қосымша 2
Excel форма

«БЕКІТЕМІН»
Академиялық және ғылыми істер
жөніндегі вице-ректор

_____ (ТӘЖ)
«__» _____ 2024 ж.


Жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) тізбесі

№	Мектеп атауы	Пән атауы	Coursea платформасындағы курс атауы	Курстың оқу тілі	Пәннің еңбек сыйымдылығы (кредиттер)	Онлайн қайта есептеу калькуляторын* есептегеннен кейін ЖАОК-тың еңбек сыйымдылығы (сағаттар мен кредиттер)	Интеграция моделі	Пән оқытушысы	ЖАОК сілтемесі
1.									
2.									
3.									

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 15-сі

Қосымша 3

Онлайн қайта есептеу калькуляторы
<https://app.calculoid.com/#/calculator/100984/preview>




Оқу кезінде студенттердің болжамды жүктемесін есептеуге арналған нұсқаулар:

1. Бұл калькулятормен жұмыс істеу үшін сізге қарастырылып отырған курс туралы негізгі ақпарат қажет (курстың ұзақтығы, курстың күрделілік дәрежесі, оқу тілі). Деректерді Coursera курстарының каталогынан мына сілтеме бойынша алуға болады:

<https://docs.google.com/spreadsheets/d/1Hs5IK4tAoBayRhDrqUSTK2j1ShHUIJznw/edit#gid=665570270>

2. Болжалды жүктемені есептеу үшін қолданылатын негізгі көрсеткіштерге Курстың ұзақтығы (сағатпен), курстың күрделілік дәрежесі және оқыту тілі жатады. Дәлірек есептеу үшін калькуляторды студенттер оқу процесінде жүзеге асыратын қызмет түрлеріне қатысты басқа көрсеткіштермен толықтыруға болады (мысалы, бейне дәрістер саны, бейне материалдардың ұзақтығы, бағалау формалары және т.б.).

3. Курстың ұзақтығы. Берілген шкалада каталогта көрсетілген сағат саны көрсетіледі.



4. Курстың күрделілігі. Ұсынылған тізімнен қарастырылып отырған курстың қиындық деңгейін таңдаңыз: каталогта қандай деңгей көрсетілгеніне байланысты бастауыш, орта немесе жоғары деңгей. Қиындық деңгейі сағаттар мен кредиттегі жүктеме көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережесі		УЕ-02-01-02
Бекітілді 26.02.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 16-сі

Сложность Курса

Начальный
 Средний
 Продвинутый

5. Курстың тілі. Ашылмалы тізімнен оқу тілін таңдаңыз. Студент курсты ағылшын тілінде платформада аяқтаған жағдайда, оқу процесінде жүктеме артады деп болжанады. Қазақ немесе орыс тілдерінде оқыған жағдайда жүктеме көрсеткіштері өзгермейді.

Язык Курса

Қазақша	▼
Қазақша	
Русский	
English	